

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Ғылыми Кеңесінің №25 мәжілісінің
ХАТТАМАСЫ

Қызылорда қ.

29.05.2026ж, сағат: 11.00

Қатысқандар: Ғылыми Кеңес мүшелері қатысу парағына сәйкес.

КҮН ТӘРТІБІ

1 сұрақ. 2026-2027 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларын, жұмыс оқу жоспарларын бекіту туралы (Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры м.а. А.Ж.Бұхарбаева).

2 сұрақ. Университетте бакалавриат, магистратура, докторантура бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуы сапасы туралы (Инженерлі-технологиялық институты мен Экономика және құқық институтында жүргізілген мониторинг нәтижесі) (Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және IT жөніндегі проректор Б.А. Досжанов)

3 сұрақ. Білім алушылардың білім беру бағдарламаларын іске асыруы сапасына қанағаттануы туралы мониторинг нәтижесі (Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және IT жөніндегі проректор Б.А. Досжанов)

4 сұрақ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жөніндегі жұмысты талдау (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - офицері Ә.Б. Жапбасбаев)

5 сұрақ. Әскери кафедраның 2025-2026 оқу жылындағы әскери дайындықты ұйымдастыру және жүргізу қорытындылары (Әскери кафедра бастығы Н.У.Увайдаев)

6 сұрақ. Философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтихандарының эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды әзірлеу және бекіту (Тіркеуші офис басшысы М.М. Абжаев)

7 сұрақ. Ботаникалық бақ және жылыжай шаруашылығының жұмысы туралы (Ботаникалық бақ және жылыжай шаруашылығының директоры Е.Б.Абдраманов)

8 сұрақ. Өртүрлі мәселелер

8.1 сұрақ. 2026-2027 оқу жылына Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Профессоры», «Қауымдастырылған профессоры», «Профессор-зерттеуші» лауазымдарына үміткерлерді ұсыну (Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаева)

8.2 сұрақ. Монография, оқу құралдарын баспаға ұсыну (Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаева)

8.3 сұрақ. Университетінің аттестаттау комиссиясының құрамына өзгерістер енгізу туралы (Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер бойынша проректор Д.М. Абдрашева)

8.4 сұрақ. Университетінің конкурстық комиссиясының құрамына өзгерістер енгізу туралы (Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер бойынша проректор Д.М. Абдрашева)

Төраға: Қайырлы күн құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! Бүгін Ғылыми кеңестің 24 мәжілісінің жұмысын бастауға мүшелердің 39 құрам санының 30 қатысып отыр. Қалғандары дәлелді себеппен қатыса алмай отыр. Ғылыми кеңес жұмысын жүргізуге кворум бар. Сіздерден қандай ұсыныс болар екен?

Б.А.Досжанов: Ашылсын.

А.О.Оразбақов: Ашылсын.

Төраға:Сіздердің тараптарыңыздан «Ашылсын» деген ұсыныс түсті. Ғылыми Кеңес мәжілісін ашық деп жариялаймын. Күн тәртібін бекітуге дауыс берулеріңізді сұраймын.

Қолдаушылар – 30 адам,

Дауыс беру нәтижесі: иә-30, қарсы, қалыс жоқ.

Төраға: Күн тәртібі бекітілсін.

Төраға: Бүгінгі Ғылыми Кеңесімізді ашық деп жариялаймын!

Ғылыми Кеңесті бастамас бұрын университетіміздегі кадрлық өзгерістерімен таныстыруға рұқсат етіңіздер:

1. Досжанов Баянали Амантаевич–педагогика ғылымдарының кандидаты, Басқарма мүшесі-стратегиялық даму және ІТ жөніндегі проректоры лауазымына тағайындалды.

2. Ибраев Уалихан Серикович - тарих ғылымдарының кандидаты, Басқарма мүшесі-элеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры лауазымына тағайындалды.

3. Бұхарбаева Ақмарал Жеткербаевна- Философия докторы (PhD), Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының міндетін атқарушы лауазымына тағайындалды

Осыған байланысты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2025-2026 оқу жылы бойынша Ғылыми Кеңесінің құрамына өзгеріс енгізуді сұраймын.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 30 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-30, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. 2025-2026 оқу жылына Ғылыми Кеңесінің құрамына өзгеріс енгізілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі-проректор Д.М.Абдрашеваға жүктелсін.

1 сұрақ. 2026-2027 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларын, жұмыс оқу жоспарларын бекіту туралы (Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры м.а. А.Ж.Бұхарбаева)

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры м.а. А.Ж.Бұхарбаеваның есебі тыңдалды.

Баяндаманың негізгі тезистері:

2025-2026 оқу жылына мамандар даярлау жүргізілетін БББ:

Бакалавриат бойынша 93 БББ, оның ішінде: Жаңа 3 БББ;

- Финляндия жүйесі бойынша педагогикалық бағыттағы бірлескен БББ - 11;
- Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университетімен бірлескен БББ-6;
- «Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» Ұлттық зерттеу университетімен бірлескен БББ- 2;
- Мәскеу авиациялық институтымен қосдипломды БББ-1.

Магистратура бойынша 40 БББ, оның ішінде: Жаңа БББ-3;

- Финляндия жүйесі бойынша педагогикалық бағыттағы бірлескен БББ- 1;
- Ұлыбритания, Саффолк университетімен бірлескен БББ- 1;
- «Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» Ұлттық зерттеу университетімен бірлескен БББ-1.
- М.Танка атындағы Беларусь мемлекеттік педагогикалық университетімен бірлескен БББ-1;
- Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетімен қосдипломды БББ - 1.

Докторантура бойынша – 18 БББ, оның ішінде: Жаңа БББ-1.

Барлығы 151 БББ бойынша 2026-2027 оқу жылында мамандар даярлау жүргізілетін болады.

Еңбек нарығындағы сұранысқа сәйкес оңтайландыру мақсатында сонымен қатар, жаңа мамандықтар Атласына сәйкес және өңірлік жұмыс берушілер ұсыныстарына орай 10 білім беру бағдарламасы трансформацияланады. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері ЖОО компоненті және элективті пәндер каталогының құрамына енгізіліп, 26 БББ жаңартылуға және 7 жаңа БББ Реестрге енгізілуге ұсынылады.

Жұмыс оқу жоспарлары мен көшірмелері

Жұмыс оқу жоспарларының көшірмесінде білім алушылардың жеке оқу жоспарларының таңдау пәндері анықталып, оқу үдерісінің кестесі қамтылды.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес бакалавриат білім беру бағдарламаларының жұмыс оқу жоспарларының жалпы құрылымы 240 кредитті құрайды. Оның ішінде: ЖББП міндетті және таңдау пәндері 56 кредит, базалық

және бейіндік пәндер көлемі 151 кредит, кәсіптік практикаға 25 кредит, қорытынды аттестаттауға 8 кредит жоспарланған. Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі 60 кредитті құрайды.

Ғылыми педагогикалық магистратураның жұмыс оқу жоспары бойынша күзгі семестрдегі (1-академиялық кезеңдегі) пәндер 30 кредитті, көктемгі семестрдегі (2-академиялық кезеңдегі) пәндер 30 кредитті құрайды. Осы оқу жылы бойынша, яғни 1 курста 11 пән оқытылады, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысын (8 кредит), педагогикалық практиканы (3 кредит) қоса алғанда оқу жылына 60 кредитті құрайды. Оқу кезеңінің 2 курсына 24 кредит бейіндік пәндер, 16 кредит ғылыми-зерттеу жұмысы, 12 кредит зерттеу практикасы және 8 кредит қорытынды аттестаттау жүргізіледі.

Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі 60 кредитті құрайды. Жалпы магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрін қоса алғанда, оқудың барлық кезеңінде 120 академиялық кредитті игереді.

Бейіндік магистратураның жұмыс оқу жоспары бойынша күзгі семестрде (1-академиялық кезең) оқу пәндері 30 кредит, күзгі семестрде (2-академиялық кезең) және магистранттың экспериментальды-зерттеу жұмысы, өндірістік практика мен қорытынды аттестаттауды қоса алғанда 30 кредитті құрайды, жалпы алғанда 1 жыл оқу кезеңінде 60 кредит игеру жоспарланған.

Докторантураның жұмыс оқу жоспарларында мемлекеттік стандартқа сәйкес теориялық оқуға жалпы саны 45 кредит бөлінген. Оның 22 кредиті педагогикалық және зерттеу практикаларына беріледі.

1-курс үшін оқу жылының 1-академиялық кезеңінде жалпы көлемі 23 кредитті құрайтын 5 пән оқытылатын болады, сонымен қатар 7 кредит көлемінде ғылыми-зерттеу жұмысы орындалады. 2-академиялық кезеңде 10 кредит көлемінде педагогикалық практика және 20 кредит ғылыми-зерттеу жұмыс жоспарланған.

2-курс үшін 1-академиялық кезеңде 30 кредит ғылыми- 12 кредит зерттеу практикасы және 18 кредит көлемінде ғылыми-зерттеу жұмысын орындау жоспарланған.

3-курс үшін 18 кредит ғылыми-зерттеу жұмысын орындау және 12 кредит қорытынды аттестаттау жоспарланған.

Бір оқу жылында 60 кредит игеріледі. Докторантураның 3 жыл оқу кезеңінде жалпы 180 кредит игереді.

СҰРАҚТАР ҚОЙЫЛДЫ:

Н.О. Аппазов:

Профессор-оқытушылар құрамының 2026-2027 оқу жылында біліктілікті арттыру курстарынан өту жоспары қандай?

Университет кітапханасының оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілу деңгейі қандай және қорды толықтыру бойынша қандай жұмыстар жүргізілуде?

Г.А. Сатпаева:

Жаңартылатын және жаңа білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін кадрлық, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз ету деңгейі қандай?

Бірлескен және қосдипломды білім беру бағдарламалары бойынша серіктес жоғары оқу орындарымен үйлестіру жұмыстары қалай жүзеге асырылуда?

Н.Ж. Уразбаев:

2026-2027 оқу жылына білім алушылардың оқу ақысы мәселесін реттеу және оның қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша қандай шаралар қарастырылған?

Оқу ақысының мөлшерін қалыптастыру кезінде қандай факторлар ескерілді?

Төраға:

Қос дипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын, оның ішінде Сеул Ұлттық ғылым және технологиялар университетімен жүзеге асырылатын бағдарламаларды одан әрі дамыту бойынша қандай ұсыныстар бар?

Аталған ұсыныстарды Басқарма отырысының қарауына енгізу қажет.

С.Т. Тайман:

КВТ талаптары сәйкес педагогика бағыты бойынша профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру жұмыстары қалай ұйымдастырылуда?

Микробіліктіліктер (Microqualification) бағдарламаларын енгізу және іске асыру бойынша қандай жұмыстар атқарылуда?

Микробіліктілік бағдарламаларын білім беру бағдарламаларына интеграциялау тетіктері қандай?

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 30 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-30, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. 2026-2027 оқу жылына арналған білім беру бағдарламалары, жұмыс оқу жоспарлары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі-проректор Д.М.Абдрашеваға жүктелсін.

2 сұрақ. Университетте бакалавриат, магистратура, докторантура бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуы сапасы туралы (Инженерлі-технологиялық институты мен Экономика және құқық институтында жүргізілген мониторинг нәтижесі) (Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және IT жөніндегі проректор Б.А. Досжанов).

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және IT жөніндегі проректор Б.А. Досжановтың есебі тыңдалды.

Баяндаманың негізгі тезистері:

Инженерлі-технологиялық институты, Экономика және құқық институты және Жасанды интеллект институтында жүргізілген мониторинг нәтижесі

Институттар	БББ атауы (бакалавриат)				БББ атауы (магистратура)				БББ атауы (докторантура)			
	Өте жақсы 2500-3000	Жақсы 2000-2499	Қанағаттанарлық 1500-1999	Төмен деңгей 1500-ден төмен	Өте жақсы 2500-3000	Жақсы 2000-2499	Қанағаттанарлық 1500-1999	Төмен деңгей 1499 балдан төмен	Өте жақсы 2500-3000	Жақсы 2000-2499	Қанағаттанарлық 1500-1999	Төмен деңгей 1499 балдан төмен
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ		7	1				5			2		
ИНЖЕНЕРЛІ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ	1	10	9	1			8	3			4	
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ			6									
УНИВЕРСИТЕТ БОЙЫНША	Бакалавриат – 35				Магистратура – 16				Докторантура –6			

1499-дан төмен балл жинаған БББ-лар:

Бакалавриат: Автоматтандыру және басқару – 1440 балл,

Магистратура: Су ресурстары және суды пайдалану – 1330 балл, Өсімдік шаруашылығы- 1260 балл, Аграрлық техника және технология – 1240 балл.

СҰРАҚТАР ҚОЙЫЛДЫ

Төраға:

Академиялық сапа комитетінің мәртебесін күшейтіп, оны департамент деңгейіне көтеру мәселесін қарастыруды ұсынды. Сонымен қатар, білім беру бағдарламаларына жүргізілетін мониторинг жұмыстарының жүйелілігін қамтамасыз ету және нәтижелерін тұрақты бақылауға алу қажеттігін атап өтті.

Н.Ж. Уразбаев:

Білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау және жетілдіру жұмыстарына жұмыс берушілерді, өндіріс өкілдерін және тәуелсіз сарапшыларды кеңінен тарту қажеттігі жөнінде ұсыныс білдірді.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 30 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-30, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және IT жөніндегі проректор Б.А. Досжановтың баяндамасы назарға алынсын.
2. БББ сапасына ішкі бағалау жүргізу қорытындысы бойынша БББ жетекшілері анықталған кемшіліктерді жою және БББ сапасын одан әрі жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын 20.08.2026 ж. дейін әзірлесін және оның орындалуына Академиялық сапа жөніндегі комитет төрағасы-институт директоры тарапынан жылына 2 рет мониторинг жүргізісін;
3. Институт директорлары мен БББ-ның жетекшілеріне төмен деңгейде нәтиже көрсеткен БББ бойынша кемшіліктерді жою бағытында атқарылатын тиісті жұмыстарды 2026-2027 оқу жылының іс-шаралар жоспарына енгізу тапсырылсын;
5. БББ жетекшілері «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы өткізетін ЖОО-ы БББ-ның рейтингі индикаторларын жақсарту бойынша мақсатты жұмыстар жүргізісін;
6. Осы қаулының ұйымдастырылуын бақылау Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер бойынша проректор Д.М.Абдрашеваға жүктелсін

3 сұрақ. Білім алушылардың білім беру бағдарламаларын іске асыруы сапасына қанағаттануы туралы мониторинг нәтижесі (Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және IT жөніндегі проректор Б.А. Досжанов)

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және IT жөніндегі проректор Б.А. Досжановтың есебі тыңдалды.


Баяндаманың негізгі тезистері:

Білім алушылардың білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында университетте жыл сайын кешенді әлеуметтік сауалнама жүргізіледі. 2025-2026 оқу жылында сауалнамаға университеттің 123 білім беру бағдарламасынан, жалпы саны 6436 білім алушы өз пікірін білдірді

Сауалнамаға институттар бойынша жауап берген білім алушылар саны

- Инженерлі-технологиялық институты - 1572
- Гуманитарлық-педагогикалық институты - 1541
- Жаратылыстану институты – 1509
- Педагогика және дәстүрлі өнер институты - 1057
- Экономика және құқық институты - 603
- Жасанды интеллект институты -155

Институттар бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыруы сапасына қанағаттануының орташа көрсеткіші



СҰРАҚТАР ҚОЙЫЛДЫ:

М.М. Абжаев:

Сауалнама нәтижелеріне институттар және білім беру бағдарламалары бөлінісінде салыстырмалы талдау жүргізілді ме? Қанағаттану деңгейі төмен көрсеткіш көрсеткен білім беру бағдарламалары бойынша қандай нақты шаралар қарастырылуда?

М.А. Махамбетова:

Сауалнама нәтижелерінің толық талдауы институттар мен білім беру бағдарламалары деңгейінде жүргізілуде. Талдау қорытындылары және тиісті ұсыныстар 2026 жылғы 1 шілдеге дейін белгіленген жоспарға сәйкес ұсынылатын болады.

Қ.Ә. Омаров:

Алдыңғы жылдардағы сауалнама нәтижелерімен салыстырмалы талдау жүргізілді ме? Білім алушылардың қанағаттану деңгейінде оң немесе теріс динамика байқала ма?

Б.А. Досжанов:

Жыл сайынғы сауалнама нәтижелеріне салыстырмалы талдау жүргізіледі. Қорытындылар бойынша негізгі көрсеткіштердің динамикасы анықталып, білім беру қызметінің сапасын жетілдіру бағытындағы ұсыныстар әзірленеді.

Н.С. Құлмырзаев:

Сауалнамадағы бағалау шкаласы мен өлшемшарттары білім алушылардың пікірін толық әрі объективті анықтауға мүмкіндік бере ме? Сауалнама құралдарын қайта қарастыру жоспарланып отыр ма?

Б.А. Досжанов:

Сауалнама мазмұны мен бағалау критерийлерін жетілдіру мәселесі қарастырылатын болады. Қажет болған жағдайда бағалау шкаласы мен сұрақтар блогына өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар дайындалады.

Н.Ж. Уразбаев:

Педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларында оқу жүктемесінің жоғары болуы білім алушылардың қанағаттану деңгейіне әсер етуі мүмкін. Осы мәселені институттармен бірлесіп қарастырып, оңтайландыру бойынша ұсыныстар әзірлеу қажет деп санаймын.

Б.А. Досжанов:

Ұсыныс назарға алынады. Педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша оқу жүктемесіне талдау жүргізіліп, қажет болған жағдайда тиісті құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп ұсыныстар әзірленеді.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 30 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-30, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және IT жөніндегі проректор Б.А.Досжановтың «Білім алушылардың білім беру бағдарламаларын іске асыруы сапасына қанағаттануы туралы мониторинг нәтижесі» бойынша баяндамасы назарға алынсын;

2. Білім беру бағдарламаларын бағалауға қатысты білім алушылардың сауалнамада атаған негізгі мәселелері мен жетілдіру ұсыныстары бойынша Түзету және алдын-алу әрекеттерінің жоспарын 2026 жылдың 1 шілдесіне дейін дайындап, бекіту институт директорларына және Білім беру бағдарламаларының жетекшілеріне жүктелсін;

3. Түзету және алдын-алу әрекеттерінің жоспарының орындалуына тұрақты бақылау жасау Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының м.а. А.Ж. Бұхарбаеваға, Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету басқармасының топ жетекшісі М.Махамбетоваға, институт директорларына және БББ жетекшілеріне жүктелсін;

4. Осы қаулының орындалуын Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі – проректоры Д.М.Абдрашеваға жүктелсін

4 сұрақ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жөніндегі жұмысты талдау (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - офицері Ә.Б. Жапбасбаев)

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – офицері Әлібек бахытжанұлы Жапбасбаевқа беріледі.

Баяндаманың негізгі тезистері:

2025-2026 оқу жылында атқарылған жұмыстар:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты және стандартты
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін аңықтау
- Мониторинг жұмыстары
- Ақпараттық жұмыстар

Студенттер мен магистранттардың сессия мен аралық бақылау тапсырмаларын орындау кезінде «Platonus» бағдарламасы бойынша тексерістер жүргізілді және интернетке басқа ақпараттар іздестіру тоқтатылды

Дипломдық жұмыс пен магистрлік диссертация жұмыстарын «Антиплагиат» жүйесінен өткізу жұмыстары жасалды.

Ұсынымдар:

- Университет ішінде жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша оқыту бағдарламаларын енгізу.
- Университеттің барлық институттарында прокторинг жүйесін қолдану.
- Құқықтық актілер мен стандарттарды үнемі жаңарту, қызметкерлер мен студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыру.
- Дипломдық жұмыс немесе жобалардың, магистрлік диссертацияларды дайындау барысында жасанды интеллектіні қолданудың жаңа ережесін өзірлеу.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 30 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-30, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жөніндегі жұмысты талдау» туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - офицері Әлібек Бақытжанұлы Жапбасбаевтың баяндамасы назарға алынсын

5 сұрақ. Әскери кафедраның 2025-2026 оқу жылындағы әскери дайындықты ұйымдастыру және жүргізу қорытындылары (Әскери кафедра бастығы Н.У. Увайдаев)

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша Әскери кафедра бастығы Нұрсейіт Утегенұлы Увайдаевқа беріледі.

Баяндаманың негізгі тезистері:

2025-2026 оқу жылында кафедрада әскери мамандықтар бойынша дайындықтан өткен студенттер контингенті бойынша мәліметтер

№	Әскери мамандықтардың атауы	1 курс	2 курс	Барлығы
Запастағы офицерлер бағдарламалары бойынша:				
1	Жалпы әскери бөлімшелерді, бөлімдер мен құрамаларды жауынгерлік қолдану	69	55	124
2	Құрлық әскерлерінде тәрбие және идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру	16	15	31
3	Аумақтық қорғанысты жоспарлау және ұйымдастыру	15	13	28
4	Жақын іс-қимылдағы жылжымалы зениттік зымыран кешендерімен қаруланған бөлімшелерді жауынгерлік қолдану	13	14	27
Запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша:				
5	Атқыштық	48	-	48
Барлық жиынтық:		161	97	258

Әскери дайындықтың оқу үдерісін ұйымдастыру барысындағы кемшіліктер:
-кафедрадағы әскери пәндер бойынша оқу сабақтарын өткізуге қажет сыныптардың жетіспеушілігі мен сыныптардың сыйымдылығының төмендігі;
-техникалық оқу құралдарының - интерактивті тақталардың қажетті санының жетіспеуі;
-ҚР Қорғаныс министрінің 2025 жылғы 25 қарашадағы «Запастағы офицерлер мен запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери дайындық Қағидаларын бекіту туралы» №1647 бұйрығына сәйкес компьютер сыныбында, кітапханада, оқытушылардың бөлмесінде интернет желісіне қосылған жұмыс орындарының жетіспеушілігі;
-компьютер сыныбындағы тораптық хабтың техникалық сипаттамасы «Геотактика» оқу симуляторымен толыққанды жұмыс жасауға мүмкіндік бермей тұр. Техникалық сипаттамасы жоғары хабты орнатудың қажеттілігі.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 30 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-30, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады

1. «Қорқыт Ата атындағы ҚУ әскери кафедрасында 2025-2026 оқу жылындағы әскери дайындықты ұйымдастыру қорытындылары» туралы әскери кафедра бастығы Н.У.Увайдаевтың баяндамасы назарға алынсын.

2. Экономика және қаржы департаментінің директоры Н.Ж.Уразбаевқа, құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы С.М.Ильясоваға, стратегия және IT департаментінің директоры Қ.Н.Бекетоваға, шаруашылық жұмыстар жөніндегі департаментінің директоры Ғ.К.Утегеновке, әскери кафедра бастығы Н.У.Увайдаевқа әскери кафедраның оқу, материалдық техникалық базасын жетілдіру үшін іс-шара жоспарын құрып, 2026 жылдың 12 маусымына дейін бекіту тапсырылсын.

3. Осы Қаулының орындалуын бақылау академиялық мәселелер бойынша басқарма мүшесі-проректор Д.М.Абдрашеваға жүктелсін.

6 сұрақ. Философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтихандарының эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды әзірлеу және бекіту (Тіркеуші офис басшысы М.М. Абжаев)

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша Тіркеуші офис басшысы М.М. Абжаевқа беріледі.

Баяндаманың негізгі тезистері:

Философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға түсуге арналған бағалау жүйесінің 100-балдық шкаласы

№	Емтихан бөлімі	Балл
1	ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиясы оқуға түсушімен өткізетін әңгімелесу	30
2	Эссе	20
3	Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары	50
	Барлығы	100

Эссені бағалаудың түрлері мен критерийлері

Теориялық білімге, әлеуметтік және жеке тәжірибеге негізделген өз аргументтерін құра білуде көрінетін сараптамалық және шығармашылық қабілеттердің деңгейін анықтау үшін эссенің келесі түрлері ұсынылады:

Эссе түрлері	Сипаттамасы	Эссе көлемі
Мотивациялық	Талапкердің ғылыми-зерттеу әрекетінің мотивтері туралы дәлелі (зерттеу мәлімдемесі)	250 – 300 сөз

Ғылыми-сараптамалық	үміткерлердің ұсынылып отырған зерттеудің (зерттеу ұсынысының) өзектілігі мен әдістемесін негіздеуі	
Проблемалық-тақырыптық	Пәндік білімнің өзекті аспектілері бойынша автордың ұстанымын баяндау	

Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханның құрылымы мен мазмұны

Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады:

Блоктар	Сұрақтар сипаты	Балл
1-сұрақ	теориялық – теориялық білімнің деңгейі мен жүйелілігін анықтайды	10
2- сұрақ	практикалық – функционалдық құзыреттіліктердің қалыптасу дәрежесін ашады (пәндік салада әдістерді, технологияларды және әдістемелерді қолдана білу	15
3- сұрақ	зерттелетін пән саласын жүйелі түсінуді, зерттеу әдістемесі (жүйелік құзыреттіліктер) саласындағы арнайы білімді ашады.	25
Қорытынды		50

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 30 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-30, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. 2026-2027 оқу жылына философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтихандарының эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтар бекітілсін

7 сұрақ. Ботаникалық бақ және жылыжай шаруашылығының жұмысы туралы (Ботаникалық бақ және жылыжай шаруашылығының директоры Е.Б.Абдраманов)

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі жетінші мәселе бойынша Ботаникалық бақ және жылыжай шаруашылығының директоры Ербол Балтабайұлы Абдрамановқа беріледі.

Баяндаманың негізгі тезистері:

Ботаникалық бақтың негізгі мақсаты – университет кафедралары үшін ғылыми-тәжірибелік база қалыптастыру. Мұнда студенттердің практикалық сабақтары, оқытушылар мен магистранттардың ғылыми зерттеу жұмыстары, сондай-ақ түрлі эксперименттік жұмыстар жүргізіледі.

Ботаникалық бақтың қызметінде кафедрааралық ынтымақтастықтың маңызы ерекше. Атап айтқанда, ботаникалық бақ келесі кафедралардың оқу және ғылыми жұмыстарында кеңінен қолданылады:

- су ресурстары кафедрасы
- аграрлық бағыттағы кафедралар
- биохимия кафедрасы
- жерге орналастыру кафедрасы

Ботаникалық бақтың жалпы жер көлемі 4,8 гектарды құрайды. Оның аумағында үш жылыжай орналасқан. Жылыжайларда өртүрлі өсімдік түрлері өсіріліп, ғылыми зерттеулер жүргізіледі және студенттердің оқу-тәжірибелік сабақтары ұйымдастырылады.

2025–2026 жылдары ботаникалық бақтың материалдық-техникалық базасын дамыту бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, жер өңдеу және агротехникалық жұмыстарды жүргізу үшін 8 түрлі тіркемелі құрал-жабдықтары бар шағын трактор сатып алынды.

СҰРАҚТАР ҚОЙЫЛДЫ:

Төраға: Ботаникалық бақ аумағындағы ағаштар мен жеміс көшеттеріне тұрақты күтім жасау жұмыстарын Жаратылыстану институты мен тиісті білім беру бағдарламаларының профессор-оқытушылар құрамының қатысуымен ұйымдастыру мүмкіндігі қарастырылсын.

Н.О. Аппазов: Ботаникалық бақ аумағында соңғы жылдары отырғызылған ағаштар мен жеміс көшеттерінің қаншасы жерсініп, толық өсіп-жетілу кезеңіне өтті? Олардың сақталу көрсеткіші қандай?

А.Ж. Оразбақов: Жылыжайда өсірілетін ауыл шаруашылығы өнімдері қандай мақсатта пайдаланылады? Өнімдерді өткізу және сату жұмыстары қалай ұйымдастырылған?

Н.Ж.Уразбаев: Ботаникалық бақ пен жылыжай шаруашылығының қаржылық қызметін есепке алу және кіріс-шығыс операцияларын рәсімдеу бойынша бухгалтерияға есеп беру тетігі толық жолға қойылған ба?

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 30 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-30, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. Ботаникалық бақ және жылыжай шаруашылығының жұмыстарының есебі назарға алынсын.

8.1 сұрақ. 2026-2027 оқу жылына Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Профессоры», «Қауымдастырылған профессоры», «Профессор-зерттеуші» лауазымдарына үміткерлерді ұсыну (Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаева)

ТЫҢДАЛДЫ:

2026-2027 оқу жылына Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Профессоры», «Қауымдастырылған профессоры», «Профессор-зерттеуші» лауазымдарына үміткерлерді ұсыну туралы баяндау үшін сөз Басқарма

мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнура Абильтәева Бурибаеваға беріледі .

Баяндаманың негізгі тезистері:

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Қауымдастырылған профессоры» лауазымына үміткерлер тізімі:

- Енсебаева Гульзат Муратбековна- Физика және математика БББ аға оқытушысы, PhD, Еңбектері: Scopus\WoS -5, ҚР ҒЖБССҚК- 4, Оқу-әдістемелік құрал-1, Авторлық куәлік- 1, Басқа -7

- Кудайбергенова Кунимжан Тыныштықбековна - Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ аға оқытушысы, PhD. Еңбектері: Scopus\WoS -1, ҚРҒЖБССҚК -8, Монография 1, Басқа -5

-Токтағанова Гүлжас Баданқызы - Биология, география және химия БББ аға оқытушысы, PhD. Еңбектері: Scopus\WoS - 9, ҚР ҒЖБССҚК- 4,Патент – 1, Монография – 1, Басқа-5

- Турекельдиева Римма Тилепалдиевна - Биология, география және химия БББ аға оқытушысы, б.ғ.к., Еңбектері: Scopus\WoS -6 , ҚР ҒЖБССҚК -3, Патент – 1, Оқу құралы- 1;

-Назарова Гульмира Асылбековна - Биология, география және химия БББ аға оқытушысы, п.ғ.к., Scopus\WoS – 1, ҚР ҒЖБССҚК 9, Патент 1, Оқу құралы – 1,

-Олжабаева Аксауле Ондасыновна- Су шаруашылығы және жерге орналастыру БББ аға оқытушысы, PhD. Еңбектері: Scopus\WoS 1,ҚР ҒЖБССҚК 8, Монография-1

-Жүзеев Серікхан Әлханұлы- Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ аға оқытушысы, PhD. Еңбектері: Scopus\WoS 6, ҚР ҒЖБССҚК 10, Басқа – 14.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Профессоры» лауазымына үміткер:

Эльмира Уайдуллақызы - «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» БББ қауымдастырылған профессоры, PhD

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Профессор-зерттеуші» лауазымына үміткер:

Умбетова Шолпан Мырзабековна - Су шаруашылығы және жерге орналастыру БББ қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 30 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-30, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. 2025-2026 оқу жылына Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Профессоры», «Қауымдастырылған профессоры», «Профессор-зерттеуші» лауазымына үміткерлер тізімі бекітілсін.

2. Осы Қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаеваға жүктелсін.

8.2 сұрақ. Монография, оқу құралдарын баспаға ұсыну (Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А. Бурибаева)

ТЫҢДАЛДЫ:

Монография, оқу құралдарын баспаға ұсыну туралы баяндау үшін сөз Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнура Абильтаевна Бурибаеваға беріледі .

М.А.Бурибаева:

1. «Компьютерлік ғылымдар» БББ аға оқытушысы, PhD Айтимов Мұрат Жолдасбекұлы «Ақылды көп параметрлі сенсорлар: құрылымдық принциптер, сигналдарды өңдеу алгоритмдері және қолдану салалары» монографиясы баспаға ұсынылады.

2. «Биология, география және химия» БББ ПОҚ құрамы: биология ғылымдарының докторы, профессор Ибадуллаева Салтанат Жарылкасыновна мен биология ғылымдарының кандидаты, академиялық доцент Жандавлетова Райхан Булатовнаның бірлескен «Адам және жануарлар физиологиясы» оқу құралы баспаға ұсынылады.

3. Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология» БББ аға оқытушысы, PhD Темірбек Айжанның «Сызықтық автоматты басқару жүйелері» оқу құралы баспаға ұсынылады.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 30 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-30, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. Монография және оқу құралдарын бекітуге ұсыну туралы баяндама назарға алынсын.

2. «Компьютерлік ғылымдар» БББ аға оқытушысы, PhD Айтимов Мұрат Жолдасбекұлы «Ақылды көп параметрлі сенсорлар: құрылымдық принциптер, сигналдарды өңдеу алгоритмдері және қолдану салалары» монографиясы баспаға ұсынылсын.

3. «Биология, география және химия» БББ ПОҚ құрамы: биология ғылымдарының докторы, профессор Ибадуллаева Салтанат Жарылкасыновна мен биология ғылымдарының кандидаты, академиялық доцент Жандавлетова Райхан Булатовнаның бірлескен «Адам және жануарлар физиологиясы» оқу құралы баспаға ұсынылсын.

4. Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология» БББ аға оқытушысы, PhD Темірбек Айжанның «Сызықтық автоматты басқару жүйелері» оқу құралы баспаға ұсынылсын

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаеваға жүктелсін.

8.3 сұрақ. Университетінің аттестаттау комиссиясының құрамына өзгерістер енгізу туралы (Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер бойынша проректор Д.М. Абдрашева)

ТЫҢДАЛДЫ:

Университеттің оқытушы-профессор құрамын және ғылыми қызметкерлерін аттестаттау комиссиясының құрамына өзгерістер енгізу туралы сөз Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі – проректор Д.М. Абдрашеваға беріледі.

Д.М. Абдрашева:

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Оқытушы-профессор құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына және әкімшілік-басқарушылық персоналының басшы қызметкерлеріне конкурстық орналасу» Ережелеріне сәйкес конкурстық комиссиясының құрамы қайта бекітілсін:

1. Конкурстық комиссиясының мүшесі Айтимов Мурат Жолдасбековичті басқа қызметке ауысуына байланысты конкурстық комиссиясы құрамынан шығаруды ұсынамын.

2. Басқарма мүшесі - әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Ибраев Уалихан Серикович және академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры м.а. Бұхарбаева Ақмарал Жетібайқызы конкурстық комиссиясы құрамына қосуды ұсынамын.

Конкурстық комиссиясының құрамы төмендегідей қайта құрылсын:

- | | | |
|---|---------------|--|
| 1 | Д.М.Абдрашева | - Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі - проректор, комиссия төрағасы; |
| 2 | М.А.Бурибаева | - Басқарма мүшесі - ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, комиссия төрағасының орынбасары; |

Комиссия мүшелері:

- | | | |
|---|----------------|---|
| 3 | А.З.Шужеева | - Директорлар кеңесінің мүшесі; |
| 4 | Б.А.Досжанов | - Басқарма мүшесі - стратегиялық даму және ІТ жөніндегі проректор; |
| 5 | У.С.Ибраев | - Басқарма мүшесі-әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор; |
| 6 | А.Ж.Бұхарбаева | - академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры м.а.; |
| 7 | Н.Ж.Уразбаев | - экономика және қаржы департаментінің директоры; |

- | | | |
|----|-----------------|---|
| 8 | С.М.Ильясова | - құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алулар басқармасының басшысы; |
| 9 | А.Ж.Байкенжеева | - адами ресурстарды басқару басқармасының инспекторы; |
| 10 | А.Ж.Оразбақов | - кәсіподақ комитетінің төрағасы; |
| 11 | М.О.Насимов | - философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер секциясының қауымдастырылған профессоры (доцент); |

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 30 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-30, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі - проректор Дана Мейрамқызы Абдрашеваның баяндамасы назарға алынсын.
2. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің» оқытушы-профессор құрамын және ғылыми қызметкерлерін аттестаттау Ережесіне сәйкес аттестаттау комиссиясының құрамы қайта бекітілсін
3. Қаулының орындалуын Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі - проректор Дана Мейрамқызы Абдрашеваға жүктелсін.

8.4 сұрақ. Университетінің конкурстық комиссиясының құрамына өзгерістер енгізу туралы (Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер бойынша проректор Д.М. Абдрашева)

ТЫҢДАЛДЫ:

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің конкурстық комиссиясының құрамына өзгерістер енгізу туралы сөз Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі - проректор Д.М. Абдрашеваға беріледі

Д.М. Абдрашева:

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің» оқытушы-профессор құрамын және ғылыми қызметкерлерін аттестаттау Ережесіне сәйкес аттестаттау комиссиясының құрамы қайта бекітілсін:

1. Аттестаттау комиссиясының мүшелері Досжанов Баянали Амантаевич, Бекенов Камбар Галимович комиссиясы құрамынан шығаруды ұсынамын.

2. Басқарма мүшесі-әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Ибраев Уалихан Серикович және академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры м.а. Бұхарбаева Ақмарал Жетібайқызы комиссиясы құрамына қосуды ұсынамын.

Аттестаттау комиссиясының құрамы төмендегідей қайта құрылсын:

1. Д.М.Абдрашева - Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі – проректор, комиссия төрағасы;

Комиссия мүшелері:

- | | | |
|-----|-----------------|---|
| 2. | М.А.Бурибаева | - Басқарма мүшесі - ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор; |
| 3. | У.С.Ибраев | - Басқарма мүшесі - әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор; |
| 4. | Н.А.Сактаганова | - Ғылым департаментінің директоры; |
| 5. | А.Ж.Бұхарбаева | - академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры м.а.; |
| 6. | С.М.Ильясова | - құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алулар басқармасының басшысы; |
| 7. | Л.А.Жусупова | - Ғалым хатшы; |
| 8. | А.Ж.Байкенжеева | - адами ресурстарды басқару басқармасы басшысының м.а.; |
| 9. | С.Т.Тайман | - гуманитарлық-педагогикалық институтының директоры (осы институттың оқытушы-профессор құрамын аттестаттау кезінде); |
| 10. | Б.Б.Абжалелов | - инженерлі-технологиялық институтының директоры (осы институттың оқытушы-профессор құрамын аттестаттау кезінде); |
| 11. | Н.Б.Мирманов | - педагогика және дәстүрлі өнер институтының директоры (осы институттың оқытушы-профессор құрамын аттестаттау кезінде); |
| 12. | Н.С.Кулмурзаев | - жасанды интеллект институтының директоры (осы институттың ғылыми қызметкерлерін аттестаттау кезінде); |
| 13. | Г.Б.Тоқтағанова | - жаратылыстану институтының директоры (осы институттың оқытушы-профессор құрамын аттестаттау кезінде); |
| 14. | А.Ж.Исаева | - экономика және құқық институтының директоры (осы институттың оқытушы-профессор құрамын аттестаттау кезінде). |

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 30 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-30, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі - проректор Дана Мейрамқызы Абдрашеваның баяндамасы назарға алынсын.

2. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Оқытушы-профессор құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына және әкімшілік-басқарушылық персоналының басшы қызметкерлеріне конкурстық орналасу» Ережелеріне сәйкес конкурстық комиссиясының құрамы қайта бекітілсін

3. Қаулының орындалуын Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі - проректор Дана Мейрамқызы Абдрашеваға жүктелсін.

Төраға: Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралды. Барлық баяндамашыларға рақмет!

Осы Ғылыми Кеңес мәжілісінің хаттамасы негізінде қаулылардың уақытылы орындалуын бақылау Аппарат басшысы Гүлзат Қыстаубаевна Бердалиеваға жүктеледі.

Мәжіліс жабық. Сау болыңыздар!

Ғылыми кеңес Төрағасы

Ғалым хатшы



Н.С.Байқадамов

Л.А. Жусупова